

Қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 маусымдағы N 157 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2952. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 95 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауына, 1-тармағына өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен .

Қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін келісу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы **қаулы етеді** :

1. Қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру ережесі бекітілсін.

2. Лицензиялау басқармасы (Жұмабаева З.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзім өткен соң күшіне енеді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу
мен қадағалау жөніндегі агенттігі
Басқармасының "Қаржы ұйымдары
басшы қызметкерлерінің лауазымына
кандидаттарды келісілу Ережесін
б е к і т у т у р а л ы "
2004 жылғы 12 маусымдағы
N 157 қаулысымен бекітілді

Қаржы ұйымдары басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру Ережесі

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен .

Осы Ереже " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " 1995 жылғы 31 тамыздағы, " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы " 1997 жылғы 20 маусымдағы, " Сақтандыру қызметі туралы " 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, " Бағалы қағаздар рыногы туралы " 2003 жылғы 2 шілдедегі, " Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы " 2003 жылғы 4 шілдедегі, " Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы " 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға үміткер немесе лицензиялары бар заңды тұлғалардың (оның ішінде Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының), (бұдан әрі - қаржы ұйымы) басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру тәртібін, сондай-ақ келісім алуға қажетті құжаттардың тізбесін белгілейді.

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген талаптарға сәйкес келетін қаржы ұйымы басшы қызметкерінің лауазымына кандидатты (бұдан әрі - кандидат) тағайындауға (сайлауға) келісім береді (бұдан әрі - келісу). Уәкілетті органмен келісілуге жататын қаржы ұйымдары басшы қызметкерлерінің тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалады.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен .

1-1. Осы кандидат бұдан бұрын тиісті немесе жоғары лауазымды қызметке тағайындалуға уәкілетті органмен келісілген деген талаппен және осы кандидат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келеді деген талаппен қаржы ұйымы уәкілетті органының шешімімен жаңа мерзімге қайта тағайындалған (қайта сайланған) қаржы ұйымының басшы қызметкерін уәкілетті органмен келісу тиісті емес.

Осындай жағдайда қаржы ұйымы осы кандидат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетіні көрсетілетін ілеспе хатпен басшы қызметкерді тиісті лауазымға жаңа мерзімге тағайындау (сайлау) жөніндегі қаржы ұйымы уәкілетті органының шешімінен үзінді көшірменің көшірмесін береді. Басқа құжаттарды беру талап етілмейді

Ескерту: 1-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді)
Қ а у л ы с ы м е н .

1-2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы ұйымының басшы қызметкері лауазымына тағайындау (сайлау) үшін қажетті стажына үміткердің қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу, және (немесе) қаржы ұйымдарының аудитін жүргізу жөніндегі қызметтер саласында, және (немесе) үміткердің мынадай халықаралық ұйымдарда істеген жұмысы кіреді:

Халықаралық валюталық қор;
Халықаралық қайта құру және даму қоры;
Халықаралық қаржы корпорациясы;
Халықаралық даму қауымдастығы;
Көп салалы инвестицияларға кепілдік беру агенттігі;

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталығы;
Еуропа қайта құру және даму банкі;
А з и я да м у б а н к і ;
И с л а м да м у б а н к і .

Ескерту: 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29. N 232 Қаулысымен.

2 . < * >

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен .

3. Келісілуді уәкілетті орган тестілеуден өткізу үшін кандидаттарды шақыра отырып, не осы Ережелердің 12-тармағында көзделген жағдайда оларды шақырмай өткізеді.

4. Қаржы ұйымы кандидатын келісу үшін уәкілетті органға мынадай қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы :

1) кандидат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қаржы ұйымының басшы қызметкерлеріне қойылған талаптарға сәйкес келетіні көрсетіліп, еркін нысанда жасалған өтінішті және қаржы ұйымымен (өтініш берушімен) құжаттамалық жағынан тексерілгені көрсетіліп, кандидат туралы, оның ішінде осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес ұсынылған мәліметтерді және оған мыналар қол қоюлары тиіс:

қаржы ұйымының (өтініш берушінің) директорлар кеңесінің бірінші басшысы , ал ол болмаған жағдайда, директорлар кеңесінің шешімімен (директорлар кеңесінің осы шешімінің көшірмесін беріп) директорлар кеңесінің бір мүшесі - директорлар кеңесінің мүшелерін, қаржы ұйымының (өтініш берушінің) бірінші басшысын және басқарма мүшелерін тағайындағанда (сайлағанда);

қаржы ұйымы (өтініш беруші) басқармасының бірінші басшысы (тіркеуші, трансфер-агенттің атқарушы органының функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлғаның) не қаржы ұйымы (өтініш беруші) басқармасының бірінші басшысының қызметін атқарушы тұлға (тіркеуші, трансфер-агенттің атқарушы органының функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлғаның) (міндетін атқару жүктелгені туралы шешімнің көшірмесін беріп) - директорлар кеңесінің бірінші басшысын, бас бухгалтерді және қаржы ұйымының (өтініш берушінің) өзге басшы қызметкерлерін тағайындағанда (сайлағанда);

сақтандыру брокері аукционерлерінің бірі - сақтандыру брокерінің бірінші басшысын сақтандыру брокерінің бірінші басшысы ретінде не оның міндетін атқарушы тұлғаны (міндетін атқару жүктелгені туралы шешімнің көшірмесін беріп) тағайындағанда (сайлағанда) - бірінші басшының орынбасарын және

сақтандыру брокерінің бас бухгалтерін тағайындағанда (сайлағанда);
қаржы ұйымының (өтініш берушінің) осы құжатқа қол қоюға уәкілеттігі бар қатысушыларының бірі (жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымы үшін) - тіркеушінің, трансфер-агенттің атқарушы органының, сақтандыру брокерінің бірінші басшысының функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлғаны тағайындағанда (сайлағанда);

2) басқарма мүшесінің лауазымына, қаржы ұйымы құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және оның негізінде сәйкес банк операциялары, сақтандыру және (немесе) инвестициялық қызмет жүргізілетін, бағалы қағаздар рыногында мәмілелер жасалатын құжаттарға қол қоюға құқығы бар қаржы ұйымының өзге басшысы лауазымына кандидаттың қызметтік нұсқаулығының (тегін, атын, бар болса - әкесінің атын, лауазымын және қызметтік нұсқаулығымен танысқан күнді және оның қойылған қолын көрсетіп, осы кандидаттың өкілеттігі бар) **к ө ш і р м е с і н** ;

3) қаржы ұйымының басшы лауазымына кандидатты тағайындау (сайлау) күнін көрсетіп, қаржы ұйымы уәкілетті органының кандидатты тағайындау (сайлау) жөніндегі шешімінен үзінді көшірменің көшірмесін (екі және одан астам кандидаттарды келіскенде - әр кандидат үшін шешімнің үзінді көшірмесінен бір **д а н а д а н**) .

Тағайындау күні болмаған жағдайда, тағайындау (сайлау) күні болып қаржы ұйымының уәкілетті органы шешім қабылдаған күн саналады;

4) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес электронды және қағаз жеткізушідегі кандидат туралы мәліметтерді (1-қосымшадағы фотосурет 3x4 мөлшермен ашық **т ү с т е** **ж а с а л ғ а н**) ;

5) осы Ереженің 4-2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, ғылыми дәрежені алғанын растайтын құжаттың көшірмесін;

6) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

7) құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепті жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның анықтама нысанында берген алынбаған немесе өтелмеген сот ісінің жоқтығын растайтын құжатты (не бір кандидатты екі және одан астам басшы лауазымына келісу үшін құжаттар пакетін бергенде құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепті жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы анықтамасының көшірмесін). Аталған құжатты беру күні өтінішті берген күннің алдындағы үш айдан астам **е м е с** **б о л а д ы** ;

8) қол қойылған күнін және ұсыным берген тұлғаның лауазымын, ұсыным берген тұлға осы Ереженің талаптарына сәйкес келетінін, сондай-ақ кандидаттың

мына кәсіби мінездемелерін көрсетіп, еркін нысанда жасалған, осы Ереженің 4-2-қосымшасында көрсетілген кем дегенде екі тұлғадан алынған кандидатқа
ұ с ы н ы м х а т т а р д ы :

кәсіби жарамдылығын бағалау;
кәсіби қызметіндегі жетістіктері;
жеке мінездеме;
қадір-қасиеті және кемшіліктері;
қойылған міндеттерді орындау мүмкіндігі;
потенциалдары және мүмкіндіктері;
қабылданатын шешімдердің тиімділігі;
жұмыстың жалпы нәтижесіне жеке үлесі.

Мәліметтер мен (немесе) ұсынылған құжаттардың шынайлығын тексеру қажеттілігі болған жағдайда, уәкілетті орган қажетті ақпаратты тиісті органдардан, ұйымдардан не ұсыным берген тұлғадан сұратады.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.02.27. N 21 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

4 - 1 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту: 4-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен .

4-2. Ұсыным беруші тұлғалар мыналар болуы мүмкін:

- 1) "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі;
- 2) оларды тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімін алған, қол қою күні ол қайтарып алынбаған, ұсыным хатқа қол қою күні директорлар кеңесінің бірінші басшысы, директорлар кеңесінің мүшесі, басқарманың бірінші басшысы (тіркеуші, трансфер-агенттің, сақтандыру брокерінің атқарушы органының функцияларын жекелей жүзеге асырушы тұлға), қаржы ұйымдары басқармасының мүшесі лауазымындағылар;
- 3) ұсыным хатқа қол қойған күніне уәкілетті органның бірінші басшысы және оның орынбасарлары лауазымында болған тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен ведомстволардың бірінші басшылары және олардың о р ы н б а с а р л а р ы ;
- 4) экономика және (немесе) заң ғылымының докторы ғылыми дәрежесі бар т ұ л ғ а л а р ;

5) өкілдіктердің басшылары, тізбесі осы Ереженің 1-2-тармағында белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарының басшылары.

Қазақстан Республикасының резиденттері емес кандидаттарын келісу кезінде ұсыным беруші тұлға тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 55 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4139 тіркелген) белгіленген рейтингтік агенттіктерінің бірі тағайындаған BB+-ден төмен емес рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес қаржы ұйымдарының бірінші басшысы және директорлар кеңесінің мүшелері, бірінші басшы және басқарма мүшелері сонымен қоса болуы мүмкін.

Ұсыным беруші тұлғалар болып мыналар бола алмайды:

- кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымының (өтініш берушінің)
) б а с ш ы қ ы з м е т к е р і ;
- кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымының (өтініш берушінің)
) а к ц и о н е р і , к ұ р ы л т а й ш ы с ы ;
- кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымының (өтініш берушінің)
) құрылтайшысының (акционерінің) басшы қызметкері;
- кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымының (өтініш берушінің)
) еншілес ұйымының басшы қызметкері;
- кандидаттың ері (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) және кандидаттың жекжаттары (ерінің (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары);

кандидатты келісу туралы қаржы ұйымы өтініш бергенге дейінгі бір жыл ішінде уәкілетті органның және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі тарапынан шектеулі ықпал ету шаралары және (немесе) санкциялар қолданылған ж е к е т ұ л ғ а .

Ескерту: 4-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.12.24. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2008.12.29 N 232, 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2010.03.29 N 49, 2010.04.30 N 58 Қаулыларымен.

4-3. Осы Ереженің 4, 4-4-тармақтарында аты аталған, бірнеше парақтардан тұратын құжаттар нөмірленген, тігілген және соңғы парақтың екінші бетінде тігілім шетіне желімделген парақтардың саны көрсетіліп, ішінара жапсырманың жоғарғы жағына қаржы ұйымының мөрімен расталған күйінде ұсынылады. Құжаттардың көшірмелері осындай құжаттарға қол қою құқығы бар қаржы ұйымының лауазымды тұлғаларының қолымен және қаржы ұйымының мөр б е д е р і м е н р а с т а л а д ы .

Ескерту: 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 120 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), өзгерту енгізілді - 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қ а у л ы л а р ы м е н .

4-4. Қаржы ұйымы уәкілетті органмен келісілген (бұдан әрі - келісілген басшы қызметкер), бір уақытта осы не басқа қаржы ұйымының басшы қызметкері лауазымын атқарып отырған кандидатты басшы қызметкері лауазымына келісу үшін уәкілетті органға мыналарды береді:

кандидат Ереженің осы тармағының талаптарына сәйкес келісіледі және кандидат туралы мәліметтер, оның ішінде осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілгендер қаржы ұйымымен (өтініш берушімен) құжаттама жағынан тексерілгенін және кандидат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қаржы ұйымының басшы қызметкерлеріне қойылған талаптарға сәйкес келетінін көрсетіп, еркін нысанда жасалған өтінішті;

қаржы ұйымы уәкілетті органының кандидатты тағайындау (сайлау) жөніндегі шешімінен үзінді көшірменің көшірмесін;

кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

электронды және қағаз жеткізушідегі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес к а н д и д а т т у р а л ы м ә л і м е т т е р д і ;

басқарма мүшесі, қаржы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және банктік операциялар, сақтандыру және (немесе) инвестициялық қызмет негізінде тиісті жүргізілетін, бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелер жасалатын құжаттарға қол қою құқығы бар қаржы ұйымының өзге басшы қызметкері лауазымына кандидатының лауазымдық нұсқаулығының (тегін, атын, бар болса - әкесінің атын, лауазымын және лауазымдық нұсқаулықпен танысқан күнін және оның қолы көрсетілген, осы кандидаттың өкілеттігі бар) көшірмесін.

Ескерту: 4-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.02.27. N 21 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009.09.26 N 211 (

ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

4-5. Осы Ереженің 4-4-тармағында көрсетілген келісілген басшы қызметкерге қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында, уәкілетті орган басшы қызметкерді тағайындауға (сайлауға) келісім берген күннен бастап 3 (үш) ай ішінде құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепті жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органнан оның есебіндегі кандидатта алынбаған немесе өтелмеген сот ісінің жоқтығы (бар болуы) жөніндегі мәліметтерді талап бланкілерінде өтеусіз негізде талап етеді.

Ескерту: 4-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

5. Осы Ереженің 4, 4-4-тармақтарында көрсетілген құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Осы Ереженің 4, 4-4-тармақтарында көзделген құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда не ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) қаржы ұйымы жарғысының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган қаржы ұйымына ескертулерді және оларды жою мерзімін көрсете отырып, жазбаша жауап қайтарады.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29. N 232 (ресми жарияланған күннен кейін жиырма бір күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), өзгерту енгізілді - 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

5-1. Азаматтығы бар елінде (шетел азаматтары үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар немесе ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтердің сенімділігін растау мақсатында шетел азаматтары (азаматтығы жоқ тұлғалар) қаржы ұйымдарының басшы қызметкері лауазымына тағайындалған (сайланған) күннен бастап алты айдан кешіктірмейтін мерзімде уәкілетті органға олардың азаматтығы бар елінің (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін - тұрақты тұратын елінің) не кандидат соңғы он бес жыл ішінде тұрақты тұрған елінің мемлекеттік органы берген тиісті құжатты ұсынады.

Көрсетілген құжатты осы тармақта белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, мәліметтер негізінде келісім берілген осы мәліметтер шынайы емес болып табылады, және берілген келісім Қазақстан Республикасының заңнамалық

Ж а т а д ы .

күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

ақпандағы N 35 қаулысымен .

тестілеуден өтуі мүмкін күнін көрсете отырып хабарлайды.

ҚОСЫМШАСЫНЫҢ НЫСАНЫ 00ИЙНША ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ӨЗ ІШІРІН ӨЛДІРЕДІ.

қабылдана алады.

Комиссияның қабылдаған шешімі туралы хаттаманы ресімдейді.

хабарланады.

Тәспубликасының заңнамалық актілерімен көзделген негізде
ш а қ ы р ы л ы п а л ы н у ы м ү м к і н .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және

2-тарау. Кандидаттарды келісілу

12. Берілген құжаттардың негізінде шақырмай келісілуге:

1) Басқарманың бірінші басшысы (тіркеуші, трансфер-агенттің атқарушы органының функциясын жекелей жүзеге асырушы тұлға) және сақтандыру брокерінің бірінші басшысы лауазымына кандидатты қоспағанда, қаржы ұйымдарында сәйкес немесе жоғары тұрған лауазымға уәкілетті органмен бұрын келісілген кандидаттар ;

2) қаржы рыногының осы секторында сәйкес лауазымға уәкілетті органмен бұрын келісілген немесе қаржылық қызмет көрсетуді реттеуді жүзеге асыратын (жүзеге асырған) мемлекеттік органның басқарма мүшесі болған Басқарманың бірінші басшысы (тіркеуші, трансфер-агенттің атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғалар) және сақтандыру брокерінің бірінші басшысы лауазымына кандидаттар (банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында немесе сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыратын ұйымда, жинақтаушы зейнетақы қорында немесе жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымда, тиісінше бағалы қағаздар рыногында);

3) директорлар кеңесі мүшелерінің (директорлар кеңесінің төрағасын қоспағанда) және тек қаржы ұйымдарының қауіпсіздік мәселелерін, әкімшілік-шаруашылық мәселелерін ғана жетекшілік ететін басқарма мүшелері лауазымдарына кандидаттар ;

4) басқарманың бірінші басшысы, (тіркеуші, трансфер-агенттің атқарушы органының функциясын жекелей жүзеге асырушы тұлға), сақтандыру брокерінің бірінші басшысы, бас бухгалтер лауазымына кандидат - осы секторда (банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында немесе сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыратын ұйымда, жинақтаушы зейнетақы қорында немесе жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымда, тиісінше бағалы қағаздар рыногында) не осы Ереженің 1-2-тармағында көрсетілген халықаралық және (немесе) аудиторлық қаржы ұйымдардың бірінің бірінші басшысы, директорлар кеңесінің мүшесі, қаржылық қызмет көрсетумен байланысты мәселелерді жетекшілік ететін басқарма мүшесі, дербес құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың) басшысы немесе басшының орынбасары, қызметі қаржылық қызмет көрсетумен байланысты қаржы ұйымының бас бухгалтері немесе бас бухгалтердің орынбасары ретінде кемінде үш жыл еңбек стажы бар болса;

4-1) қаржы ұйымының директорлар кеңесінің бірінші басшысы лауазымына кандидат – мынадай жұмыс стажы бар болғанда:

- осы секторда (банкте, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында немесе сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыратын ұйымда, жинақтаушы зейнетақы қорында, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымда, тиісінше бағалы қағаздар нарығында) бас бухгалтер немесе бас бухгалтердің орынбасары, қызметі қаржылық қызмет көрсетумен байланысты болған қаржы ұйымының дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаменттің, басқарманың) басшысы немесе басшының орынбасары ретінде екі жылдан кем емес;

- бірінші басшы, директорлар кеңесінің мүшесі, бірінші басшы, басқарма мүшесі (қаржылық қызмет көрсетумен байланысты мәселелерге жетекшілік еткен) не қаржылық қызметтерді реттеуді жүзеге асыратын (асырған) мемлекеттік органның басқарма мүшесі ретінде бір жылдан кем емес;

- ұйымның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, әкімшілік-шаруашылық қызметпен байланысты жұмыс стажын қоспағанда, осы Ереженің 1-2-тармағында көрсетілген халықаралық және (немесе) аудиторлық ұйымның басшы қызметкері (бас бухгалтердің орынбасары, дербес құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың) басшысының орынбасары лауазымынан төмен емес) ретінде екі жылдан кем емес;

5) сақтандыру брокердің бірінші басшысының орынбасары, қаржы ұйымының басқарма мүшесі лауазымына кандидат – бірінші басшы, директорлар кеңесінің мүшесі, қаржылық қызмет көрсетулермен байланысты мәселелерді жетекшілік еткен басқарма мүшесі, бас бухгалтер немесе бас бухгалтердің орынбасары, қызметі қаржылық қызмет көрсетулермен немесе әкімшілік, ақпараттық-технологиялық функцияларды жүзеге асырумен байланысты, сондай-ақ қаржы ұйымының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты дербес құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың) басшысы немесе басшының орынбасары, не уәкілетті орган бөлімшесінің басшысы не осы Ереженің 1-2-тармағында көрсетілген халықаралық және (немесе) аудиторлық қаржы ұйымдарының бірінің бірінші басшысы, қаржылық қызмет көрсетулермен байланысты мәселелерді жетекшілік еткен Басқарма мүшесі, директорлар кеңесінің мүшесі, қызметі қаржылық қызмет көрсетулермен байланысты бөлімшенің басшысы ретінде кемінде екі жыл еңбек стажы бар болса;

б) қаржы ұйымының өзге басшы қызметкері лауазымына кандидат – бірінші басшы, директорлар кеңесінің мүшесі, қаржылық қызмет көрсетумен байланысты мәселелерді жетекшілік еткен Басқарма мүшесі, бас бухгалтер немесе бас бухгалтердің орынбасары, қызметі қаржылық қызмет көрсетумен байланысты дербес құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың)

басшысы немесе басшының орынбасары, не уәкілетті орган бөлімшесінің басшысы не осы Ереженің 1-2-тармағында көрсетілген халықаралық және (немесе) аудиторлық қаржы ұйымдарының бірінің бірінші басшысы, қаржылық қызмет көрсетумен байланысты мәселелерді жетекшілік еткен Басқарма мүшесі, директорлар кеңесінің мүшесі, қызметі қаржылық қызмет көрсетумен байланысты бөлімшенің басшысы ретінде кемінде бір жыл стажы бар болса;

7) а л ы н ы п т а с т а л д ы

8) а л ы н ы п т а с т а л д ы .

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 ақпандағы N 35 Қаулысымен, 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен , 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.04.30. N 120 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2007.12.24. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2008.12.29 N 232, 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

13. Тестілеуден өткізу үшін шақырылған кандидаттарды келісілу 30 сұрақ бойынша 45 минуттың ішінде компьютерлік тестілеу әдісімен өткізіледі.

Кандидаттарды тестілеуге арналған сұрақтарды уәкілетті органның бірінші б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

Ескерту: 13-тармақ өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006.02.25 N 35, 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

14. Тестілейтін тұлғамен бірге бір үй-жайда кандидаттарды тестілеу уақытында тек уәкілетті органның жауапты бөлімшелерінің қызметкерлеріне және қажет болған жағдайда, аудармашыға рұқсат беріледі.

Кандидатты тестілеуден өткізу кезінде қандай да бір жазбаша, электрондық немесе басқа ақпараттық материалдарды пайдалануға жол берілмейді. Осы тармақта баяндалған талаптарды бұзу тестілеудің теріс нәтижесіне тең келеді.

15. Тестілеудің дұрыс нәтижесін алған кезде (кемінде 70% дұрыс жауап) кандидат тағайындалған (сайланған) лауазымына келісілген болып есептеледі.

Кандидат тестілеу өткеннен кейін тез арада қол қойылған тест нәтижелерімен т а н ы с у ы т и і с .

Ескерту: 15-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен .

16. Тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда тестілеу рәсімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде кандидат уәкілетті органға шағымымен жазбаша түрде өтініш ете алады.

17. Апелляциялық комиссияның құрамы уәкілетті орган бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі. Комиссияның төрағасы, оның орынбасары және мүшелері Апелляциялық комиссияның мүшелері болып табыла алмайды.

18. Шағымды Апелляциялық комиссия оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

19. Апелляциялық комиссияның мәжілісіне дауыс құқығынсыз Комиссияның Төрағасы және/немесе оның орынбасары кандидаттың қатысуымен қатыса алады .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының, 2007.12.24. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

20. Апелляциялық комиссияның әрбір мүшесінде бір дауыс бар. Апелляциялық комиссияның шешімі Апелляция комиссиясының мәжілісіне қатысушылардың санынан оның мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болғанда Апелляциялық комиссия Төрағасының не ол болмай қалғанда Апелляциялық комиссияның Төрағасы орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

21. Апелляциялық комиссияның шешімі екі данада жасалған және осы мәжіліске қатысушы Апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

22. Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын жүргізуді Апелляциялық комиссия мүшелерінің санынан уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалған оның хатшысы жүзеге асырады.

23. Шағымды, кандидаттың тестік сұрақтарға жауаптарын қарау, кандидаттың дәлелдерін тыңдау нәтижелері бойынша Апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің біреуін:
тест нәтижелерін өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырмай қалдыруды;
кандидат шағымын қанағаттандыруды және тестің нәтижелерін оң деп
т а н у д ы ;

кандидатты қайталанған тестілеуге жіберуді қабылдайды.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін

қолданысқа енеді), 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

23-1. Қаржы ұйымының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім мынадай себептермен берілмеуі мүмкін:

1) басшы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) тестілеудің теріс нәтижесі не дәлелді себепсіз тестілеуге келмей қалу;

2-1) қаржы ұйымы уәкілетті органының ескертулерін жоймауы немесе қаржы ұйымы уәкілетті органының ескертулерін ескеріп, түзетілген құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген уәкілетті органның құжаттарды қарау мерзімі аяқталғаннан кейін беруі;

3) басшы қызметкер өз лауазымды қызметін уәкілетті органның келісімінсіз иелене алатын кезең мерзімінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген мерзімі бойынша аяқталуы бойынша құжаттарды ұсыну;

4) кандидатты келісу туралы қаржы ұйымы өтініш бергенге дейінгі бір жыл ішінде уәкілетті органның және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі тарапынан қолданған қолданыстағы шектеулі ықпал ету шаралары және (немесе) с а н к ц и я л а р ы б а р б о л у ;

5) басшы қызметкер лауазымында (болған) оның өкілеттігіне кіретін не кірген мәселелер бойынша қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасын жүйелі (жүйелі он екі күнтізбелік ай ішінде екі және одан астам рет) бұзуына әкелген шешімді ол қабылдаған фактілері туралы уәкілетті органның мәліметтері бар болуы. Осы талап уәкілетті орган қаржы ұйымының Қазақстан Республикасының заңнамасын (жүйелі бұзушылықтың) соңғы бұзуын анықтаған күннен бастап бір жыл ішінде қолданылады.

Ескерту: 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 35 қаулысымен , өзгерту енгізілді - 2007.04.30. N 120 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

3-тарау. Қорытынды ережелер

24. Уәкілетті орган онымен үміткерлері келісілген қаржы ұйымдары басшы қызметкерлерінің тізілімін жүргізеді.


25. Басшы қызметкерлері уәкілетті органмен келісілген қаржы ұйымдары он күндік мерзімде уәкілетті органды оларды келісуге ұсынылған құжаттардағы өзгерістер (осы Ереженің 1-қосымшасының 5, 8-тармақтарын қоспағанда), сондай-ақ басшы қызметкерлерін басқа лауазымға аударуды және жұмыстан шығаруды қоса алғанда, олардың құрамында болған барлық өзгерістер жөнінде х а б а р д а р е т е д і .

Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.02.19 N 35 , 2006.02.25 N 35 , 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) , 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

26. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілуі тиіс.

Қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н ы ң б а с ш ы
қ ы з м е т к е р л е р і н т а ғ а й ы н д а у ғ а
(с ай ла у ғ а) к е л і с і м б е р у е р е ж е с і н і ң
1-қосымшасы

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.09.26 N 211 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.



фотосуреттің орны

Қаржы ұйымының басшы қызметкері лауазымына кандидат туралы мәліметтер

(кандидаттың фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты және

тағайындалатын қаржы ұйымындағы лауазымы көрсетіледі)

(қаржы ұйымының атауы)

1. Жалпы мәліметтер:

Туылған күні және орны	
Азаматтығы	

Жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері	
--	--

2. Білімі:

N	Оқу орнының атауы	Түскен күні - бітірген күні	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері, біліктілігі	Оқу орны орналасқан орны
1.					

3. Ері (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) және жекжаттары (ерінің (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер:

N	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туылған жылы	Туыстық қатынастары	Жұмыс орны және лауазымы
1.				

4. Кандидаттың заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысуы және акцияларын иеленуі туралы мәліметтер:

N	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаның қызметінің жарғылық түрі	Жарғылық капиталда қатысу үлесі немесе кандидатқа тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы (пайызбен)
1.			

5. Соңғы үш жылдағы біліктілік көтеру жөніндегі семинарлар, біліктілік көтеру курстарынан өту туралы мәліметтер:

N	Ұйымның атауы	Өткізу күні және орны	Сертификат деректемелері
1.			

6. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта мына мәліметтер көрсетіледі:

кандидаттың барлық еңбек қызметіндегі лауазымдары, оның ішінде уәкілетті органға келісу туралы өтінішті берген қаржы ұйымында атқарып отырған лауазымы туралы ;

осы ұйымның мекен-жайы және байланыс телефонын көрсетіп, келісу туралы өтінішті берген күні кандидат басқа ұйымдарда атқарып отырған лауазымдары туралы.

N	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Тәртіптік шара қолданудың бар болуы	Жұмыстан шығу, қызметтен босату себептері
1.					

7. Осы және басқа қаржы ұйымдарының директорлар кеңесіндегі және инвестициялық комитеттеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

N	Кезең (күні, айы, жылы)	Қаржы ұйымының атауы	Лауазымы, келіскен күні (талап етілсе)	Жұмыстан шығу, лауазымынан босатылу себептері

1.				
----	--	--	--	--

8. Бар жарияланымдар, ғылыми әзірленімдер және басқа да жетістіктері: _____

(иә/жоқ, бар болған жағдайда күні, қандай басылымдарда көрсетілді)

9. Алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың болуы туралы мәліметтер:

N	Күні	Сот органының атауы	Соттың орналасқан орны	Жазаның түрі	Кандидат қылмыстық жауапкершілікке сәйкес тартылған заңнамалық актінің бабы	Соттың процессуалды шешімді қабылдаған күні
1.						

10. Өзіне қабылдаған міндеттемелерді (өтелмеген немесе мерзімі өткен заемдар және басқалар) орындамау фактілерінің болуы туралы мәліметтер: _____

(иә/жоқ, аталған фактілер болған жағдайда, ұйымның атауын және міндеттемелер сомасын көрсету қажет)

11. Осының алдында банкрот болып танылған не лицензиясынан айыру, еріксіз тарату, консервациялау, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған қаржы ұйымының басшы қызметкері болғаны туралы мәліметтер: _____

(иә/жоқ, қаржы ұйымының атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

12. Қадағалау органдарының заңнаманы бұзғаны үшін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі туралы деректердің болуы: _____

(иә/жоқ, күнін, қолдану негіздері мен қадағалау органының атауы көрсетілсін)

13. Қаржы ұйымының басшысы ретінде қаржы ұйымы қызметінің мәселелері бойынша сотта істі қарау кезінде жауап беруші ретінде тартылды ма: _____

(иә/жоқ, күнін, сотта істі қарау кезіндегі жауап беруші – қаржы ұйымының атауы, қаралған мәселе және сот шешімі)

Осы ақпаратты мен тексердім және оның толық және шынайы болып табылатындығын растаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(баспа әріптерімен)

Қаржы ұйымының тәуелсіз директоры лауазымына кандидат толтырады:

Мен

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)

тәуелсіз директор лауазымына тағайындау (сайлау) үшін "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінімді растаймын.

Күні

Қолы

Қаржы ұйымдарының басшы

қызметкерлерін

тағайындауға

(сайлауға)

келісім

беру

ережесінің 1-1-қосымшасы

Ескерту: 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 120 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), өзгерту енгізілді - 2007.12.24. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.10.29. N 160 (ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2008.12.29 N 232 Қаулыларымен.

Қаржы ұйымдарының басшы қызметкері лауазымына кандидаттың мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер

1. Білімі

Оқу орнының атауы	Келіп түскен күні - аяқталған күні	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері, біліктілігі	Оқу орнының орналасқан орны

2. Соңғы үш жылдағы біліктілік көтеру жөніндегі семинарлар, біліктілік көтеру курстарынан өту туралы мәліметтер

Ұйымның атауы	Өткізу күні және орны	Сертификат деректемелері

3. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Қызметі	Тәртіптік шара қолданудың болуы	Жұмыстан шығу, қызметтен босану себептері

3-1. Басқа қаржы ұйымдарының директорлар кеңесіндегі және инвестициялық комитеттеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер

Кезең	Қаржы ұйымының атауы	Лауазымы, келіскен күні	Жұмыстан лауазымынан себептері шығу, босатылу
-------	----------------------	-------------------------	---

3-2. Қызметі қаржылық қызмет көрсетумен байланысты қаржы ұйымының дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаментінің, басқармасының) басшысына немесе қаржылық қызмет көрсетуді реттеуді жүзеге асыратын (жүзеге асырған) мемлекеттік органның бөлімше басшысына бұдан бұрын кандидат болды ма деген мәліметтер:

Қаржы ұйымының атауы/ қаржылық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын (жүзеге асырған) мемлекеттік органның атауы	Жұмыс кезеңі	Қаржы ұйымының дербес құрылымдық бөлімшесіндегі (департаментіндегі, басқармасындағы, бөліміндегі) лауазымның атауы/қаржылық қызмет көрсетуді реттеуді жүзеге асыратын (жүзеге асырған) мемлекеттік органның бөлімшесіндегі лауазымның атауы
---	--------------	---

4. Бар жарияланымдар, ғылыми әзірленімдер және басқа да ж е т і с т і к т е р :

5. Экономикалық қызмет аясындағы қылмыс үшін немесе ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың болуы туралы мәліметтер

Күні	Сот органының атауы	Соттың тұратын орны	Жазаның түрі	1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің бабы	Соттың процессуалды шешімді қабылдаған күні

5-1. Қаржы ұйымы кандидатты келісу жөніндегі өтінішті бергенге дейінгі бір жылы ішінде уәкілетті органның кандидатқа қолданған санкциялары бар болуы (жоқ болғаны) туралы мәліметтер:

6. Өзіне қабылдаған міндеттемелерді (өтелмеген немесе мерзімі өткен заемдар және басқалар) орындамау фактілерінің болуы туралы мәліметтер:

(аталған фактілер болған жағдайда ұйымның атауын және міндеттемелер

с о м а с ы н

к ө р с е т у)

7. Осының алдында банкрот болып табылған не лицензиясынан айыру, еріксіз тарату, консервация, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған қаржы ұйымының басшы қызметкері болды ма:

(иә/жоқ, қаржы ұйымының атауын, қызметін, жұмыс кезеңін көрсету)

8 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

9. Қадағалау органдарының заңнаманы бұзғаны үшін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі туралы деректердің болуы:

(иә/жоқ, күнін және ықпал ету шарасын кім қолданғанын көрсету)

10. Қаржы ұйымының басшысы ретінде қаржы ұйымы қызметінің мәселелері бойынша соттағы ақ-қараны ажырату кезінде жауап беруші ретінде тартылды ма:

(иә/жоқ, соттағы ақ-қараны ажырату кезінде жауап беруші - қаржы ұйымының атауы, қаралған мәселе және сот шешімі)

11. Ұсыным жасаушы тұлғаларды көрсеткен ұсыным хаттарының болуы: ____

12. Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат:

Осы ақпаратты мен тексердім және оның толық және шынайы болып табылатындығын растаймын.

Фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) _____
(баспа әріптермен)

Күні _____

Қолы _____

Қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру ережесінің 1-2-қосымшасы

Ескерту: 1-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 120 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін

қолданысқа енеді), өзгерту
енгізілді - 2007.12.24. N 273 (қолданысқа енгізілу тәртібін
2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

Ұсыным хат

(қаржы ұйымының басшы қызметкері қызметіне ұсынылған кандидаттың
фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мен _____ қызметіне
фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса))

(қаржы ұйымының басшы қызметкері қызметінің атауын көрсету)

(қаржы ұйымының басшы қызметкері қызметіне ұсынылған
кандидаттың фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса))

ұсынамын.

1. Кандидаттың сипаттамасы _____
2. Кәсіби жарамдылық бағасы _____
3. Кәсіби қызметтегі жетістіктер _____
4. Жеке сипаттамалар _____
5. Кандидаттың мықты және осал тұстары _____
6. Жүктелген міндеттерді орындай білу қабілеттігі _____
7. Потенциал және мүмкіндіктер _____
8. Қабылданатын шешімдердің тиімділігі _____
9. Жалпы жұмыс нәтижесіне қосылған жеке үлес _____
10. Адамдармен өзара қарым-қатынасы _____
11. Кандидатқа баға беру үшін пайдалы болуы мүмкін өзге ақпарат _____

Бас тартылсын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК